

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

DCM3065



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	6 Радио тыңдау	13
Қауіпсіздік	2	Радио станцияға реттеу.	13
Ескерту	4	Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	13
2 Сіздің өніміңіз	5	Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	13
Кіріспе	5	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	13
Қораптың құрамы	5	RDS бар FM станциялары	14
Негізгі құрылғыны шолу	6		
Қашықтан басқару құралына шолу	7	7 iPod/iPhone/iPad құрылғысын ойнату	14
3 Жұмысты бастау	8	Үйлесімді iPod/iPhone/iPad	14
Орналастыру	8	iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу	14
Қашықтан басқару құралын дайындау	8	iPod/iPhone/iPad тыңдау	15
FM антеннасын жалғау	9	iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау	15
Қуатты қосу	9		
Радио станцияларды авто орнату	9	8 Басқа мүмкіндіктер	16
Сағатты орнату	9	Оятар таймерін орнату	16
Қосу	10	Ұйқы таймерін орнату	16
4 Ойнату	10	Сыртқы құрылғыдан ойнату	16
Дискіні ойнату	10	Құлақаспап	17
USB құрылғысынан ойнату	10		
Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру	11	9 Өнім туралы ақпарат	17
Жолға өту	11	Ерекшеліктер	17
Жолда іздеу	11	USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	18
Ойнату ақпаратын көрсету	11	Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары	18
Қайталап немесе кездейсоқ ойнату	11	Техникалық қызмет көрсету	19
Жолдарды бағдарламалау.	11		
5 Дыбыс реттеу	12	10 Ақаулықтарды жою	19
Дыбыс деңгейін реттеу	12		
Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау	12		
Бассты жақсарту	12		
Дыбысты өшіру	12		

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аудартады.

АБАЙЛАҢЫЗ: от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- 1 Осы нұсқауларды оқыңыз.
- 2 Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- 3 Барлық ескертулерді ескеріңіз.

- 4 Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- 5 Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- 6 Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- 7 Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- 8 Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- 9 Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- 10 Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- 11 Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- 12 Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- 13 Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа

жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.

14) Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ

- Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

15) Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

16) Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

17) Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.



Ескертпе

- Ақпараттық жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

Есту қауіпсіздігі

Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаныз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз. Құлақаспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Be responsible
Respect copyright

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.

Made for



«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз. iPad, iPhone, iPod, iPod nano және iPod сенсоры Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.



Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



2 Сіздің өніміңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы құрылғымен дискілерден, iPod/iPhone/iPad, USB құрылғыларынан және басқа сыртқы құрылғылардан аудионы немесе радио станцияларын тыңдауға болады. Дыбыс әсерін күшейту үшін Сандық дыбысты басқару (DSC) және Динамикалық бассты күшейту (DBB) функцияларын ұсынады. Құрылғы келесі мультимедиялық форматтарды қолдайды:




Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Қашықтан басқару құралы мен 2 батарея
- FM антеннасы
- 1 x MP3 байланыс кабелі
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Қабырғаға бекіту нұсқаулары
- Бекіту жинағы (2 шпонка және 2 бұранда)

Негізгі құрылғыны шолу



①

- Құрылғыны қосыңыз не болмаса күту режиміне немесе Eco күту режиміне ауыстырыңыз.

② SOURCE

- Көзді таңдаңыз: CD, FM radio, iPod/iPhone/iPad, USB немесе MP3 link.

③

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Жолда іздеу.
- Радио станцияға реттеу.

④ /OK

- Start or pause play.
- Таңдауды растаңыз.

⑤ /MENU

- Ойнатуды тоқтату.
- iPod/iPhone/iPad мәзіріне кіру.

⑥ VOLUME + / -

- Дыбыс деңгейін реттейді.

⑦

- Диск бөлімін ашу/жабу.

⑧ Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйді көрсету.

⑨ Диск бөлімінің қақпағы

⑩ iPod/iPhone/iPad арналған қондырма

⑪ Қашықтан басқару сенсоры

- Қашықтан басқару құралынан сигналды анықтау.

⑫

- Құлақсаппа арналған қосқыш.

⑬

- USB жад құрылғысына арналған қосқыш.


⑭ MP3 LINK

- Сыртқы құрылғыға арналған қосқыш (3,5 мм).

⑮ FM ANT

- Қабылдауды жақсарту үшін FM антеннасын жалғау.

Қашықтан басқару құралына шолу



- ① **⏻**
- Құрылғыны қосыңыз не болмаса күту режиміне немесе Есо күту режиміне ауыстырыңыз.
- ② **🔇**
- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

- ③ **CD**
- Диск көзін таңдау.
- ④ **⏮ / ⏭**
- Алдыңғы/келесі жолға өту.
 - Жолда іздеу.
 - Радио станцияға реттеу.
- ⑤ **USB/MP3 LINK**
- USB құрылғы көзін таңдау.
 - Сыртқы дыбыс құрылғысының көзін таңдау.
- ⑥ **RDS/DISPLAY**
- RDS хабар тарату туралы ақпаратты таңдаңыз.
 - Ойнап тұрғанда дисплей туралы ақпаратты таңдаңыз.
- ⑦ **⏸**
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑧ **VOL +/-**
- Дыбыс деңгейін реттейді.
- ⑨ **Сандық пернетақта**
- Жолды тікелей дискіден таңдау.
- ⑩ **PROG/CLOCK SET**
- Жолдарды бағдарламалау.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
 - Сағатты орнату.
- ⑪ **SLEEP/TIMER**
- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
 - Оятар таймерін орнатыңыз.
- ⑫ **DSC**
- Сақтаулы дыбыс параметрін таңдаңыз.
- ⑬ **DBB**
- Динамикалық бассты жақсарту мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑭ **REPEAT/SHUFFLE**
- Жолды немесе барлық жолдарды қайталап ойнату.
 - Жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату.

- 15 ■ /MENU
 - Ойнатуды тоқтату.
 - iPod/iPhone/iPad мәзіріне кіру.
- 16 DOCK
 - iPod/iPhone/iPad көзін таңдау.
- 17 OK
 - Таңдауды растаңыз.
- 18 PRESET/ALBUM ▲ / ▼
 - Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - iPod/iPhone/iPad мәзірінде жылжу.
- 19 FM
 - FM радиосының көзін таңдау.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі құрылғының артқы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Орналастыру

Құрылғыны тегіс жерге қоюға немесе қабырғаға бекітуге болады.

Қабырғаға бекіту

Құрылғыны қабырғаға бекіту үшін, жинақпен берілген қабырғаға бекіту нұсқауларының бөлек парағын қараңыз.

Қашықтан басқару құралын дайындау




Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды шығарып алыңыз.
- Ескі және жаңа батареяларды немесе басқа түрдегі батареяларды бірге салмаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

FM антеннасын жалғау

- 1 Жинақпен берілген FM антеннасын FM негізгі құрылғының артқы жағындағы қосқышқа жалғаңыз.

Қуатты қосу

Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі негізгі құрылғының артқы жағында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- АТ адаптерін қоспастан бұрын, барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.

Ескертпе

- Ақпараттық жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

- 1 АТ қуат кабелін АТ розеткасына жалғаңыз.

Радио станцияларды авто орнату

Қуат көзіне жалғағанда, радио станциялар сақталмаған болса, құрылғы радио станцияларды автоматты түрде сақтауды бастайды.

- 1 Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз.
↳ [AUTO INSTALL - PRESS PLAY KEY] (авто орнату - ойнату пернесін басу) көрінеді.
- 2 Орнатуды бастау үшін негізгі құрылғыда ►|| түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы радио сигнал күші жеткілікті стансаларды сақтайды.
↳ Барлық қол жетімді радио станциялар сақталғанда, бірінші алдын ала сақталған радио станция автоматты түрде таратылады.

Сағатты орнату

Ескертпе

- Сағатты күту режимінде ғана орнатуға болады.

- 1 Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін ⏻ түймесін басыңыз.
 - --:-- (немесе сағат) көрінгеніне көз жеткізіңіз («Turn on» (Қосу) > «Switch to standby» (Күту режиміне ауысу) бөлімін қараңыз).
- 2 Сағат параметрлері режимін қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басып тұрыңыз.
↳ SET CLOCK (САҒАТТЫ ОРНАТУ) көрінеді.
↳ 12 немесе 24 сағаттық формат көрінеді.
- 3 12 немесе 24 сағаттық форматты таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

- 4 **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 5 Сағатты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 6 **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 7 Минутты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 8 Растау үшін, **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.

Қосу

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту күйіне қосу

- 1 Құрылғы қосылғанда құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін  түймесін басыңыз.
 - Күту режимінде қалыпты күту режимінен Есо күту режиміне немесе керісінше ауыстыру үшін  түймесін басып тұрыңыз.
↳ Қалыпты күту режимінде сағат (орнатылған болса) дисплей панелінде көрінеді.
↳ Есо күту режимінде дисплей панелінің артқы жарығы өшеді.

4 Ойнату

Дискіні ойнату

- 1 Диск көзін таңдау үшін **CD** түймесін басыңыз.
- 2 Диск бөлімін ашу үшін құрылғыда **▲** түймесін басыңыз.
- 3 Дискіні басылған бетін сыртқа қаратып салыңыз да, диск бөлімін жабу үшін, **▲** түймесін басыңыз.
- 4 Егер дискі ойнамаса, **▶▶** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.

USB құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB жад құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 USB жад құрылғысын осы құрылғының артқы панеліндегі  қосқышына жалғаңыз.
- 2 USB көзін таңдау үшін **USB** түймесін басыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.
 - Қалта таңдау үшін **▲ ▼** түймесін басыңыз.
 - Аудио файл таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды бастау үшін **▶▶** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.

Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру

- 1 Ойнап тұрғанда ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.

Жолға өту

CD үшін:

- 1 Басқа жолды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
 - Жолды тікелей таңдау үшін, сандық пернетақтадағы бір пернені басуға да болады.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбом не қалта таңдау үшін ▲ ▼ түртіңіз.
- 2 Алдыңғы не келесі жолды немесе файлды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

Жолда іздеу

- 1 Ойнату кезінде ◀◀ / ▶▶ түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Ойнату ақпаратын көрсету

- 1 Ойнату кезінде басқа ойнату ақпаратын таңдау үшін **DISPLAY** түймесін қайталап басыңыз.

Қайталап немесе кездейсоқ ойнату

- 1 Ойнату барысында ойнату параметрін таңдау үшін **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 -  : ағымдағы трек қайталап ойнатылады.
 -  : барлық жол қайталап ойнатылады.
 -  : барлық жол кездейсоқ ретпен ойнатылады.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін қайталап ойнату немесе кездейсоқ ойнату опциясы көрсетілмегенше, **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - Қайталап ойнатудан немесе кездейсоқ ойнатудан бас тарту үшін ■ түймесін басуға да болады.



Кеңес

- Бағдарламаланған жолдар ойнатылғанда кездейсоқ ойнату қол жетімді болмайды.

Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 Бағдарлама режимін белсендіру үшін CD/USB режимінде, тоқтату күйінде **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
→ [PROG] (бағдарлама) мен жол нөмірі жапылықтай бастайды.
- 2 MP3 жолдары үшін ▲ ▼ түймесін басып, альбомды таңдаңыз.
- 3 Жолды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін, одан кейін құптау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.

- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін
- ▶|| түймесін басыңыз.
 - ↳ Ойнап тұрғанда [PROG] (бағдарлама) дисплейге шығады.
 - Бағдарламаны өшіру үшін, тоқтату позициясында ■ түймесін басыңыз.
 - ↳ [PROG] дисплейде көрінбейді.

5 Дыбыс реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Сақтаулы дыбыс әсерін таңдау

- 1 Ойнату барысында сақтаулы дыбыс параметрін таңдау үшін **DSC** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Бассты жақсарту

- 1 Ойнату барысында динамикалық бассты жақсарту мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін **DBV** түймесін басыңыз.
- ↳ DBV қосылса, DBV көрінеді.

Дыбысты өшіру

- 1 Ойнату барысында дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін * түймесін басыңыз.

6 Радио тыңдау

→ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияға реттеу.

- 1 FM түймесін басыңыз.
- 2 **◀◀ / ▶▶** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
→ [SEARCH] (іздеу) дисплейге шығады.
→ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - Әлсіз станцияны реттеу үшін оңтайлы қабылдау сигналы табылғанша **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.



Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаның.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

Ең көбі 20 сақтаулы радио стансаны бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Автоматты бағдарламалау режимін белсендіру үшін FM режимінде **PROG/CLOCK SET** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
→ [AUTO] (авто) көрсетіледі.
→ Барлық қол жетімді станциялар бағдарламаланады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радио станцияны бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Радио станцияға реттеу.
- 2 Бағдарлама режимін белсендіру үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
→ [PROG] (бағдарлама) жыпылықтай бастайды.
- 3 Осы радио станцияға (1-ден 20-ға дейін) нөмір беру үшін **▲ ▼** түймесін, одан кейін құптау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа станцияларды бағдарламалау үшін алдыңғы қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- 1 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін FM режимінде **▲ ▼** түймесін басыңыз.

RDS бар FM станциялары

RDS (Радио деректер жүйесі) — FM станцияларымен қатар қосымша тарату ақпаратын жіберетін қызмет. RDS сигналы бар FM станциясын тыңдап отырсаңыз, «RDS» көрсетіледі.

RDS ақпаратын көрсету

- 1 RDS сигналы бар FM станциясы үшін RDS түймесін қайта-қайта басып, түрлі тарату ақпаратын көрсетіңіз.

7 iPod/iPhone/iPad құрылғысын ойнату

Осы құрылғы арқылы iPod/iPhone/iPad дыбыстарын тыңдауға болады.

Үйлесімді iPod/iPhone/iPad

Құрылғы келесі iPod, iPhone және iPad үлгілерін қолдайды.

Мыналар үшін жасалған:

iPod touch (1, 2, 3 және 4-буын)

iPod nano (1, 2, 3, 4, 5 және 6-буын)

iPhone 4

iPhone 3GS


iPhone 3G

iPhone

iPad 2

iPad


iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу



- 1 Ашу үшін қондырма бөлігін итеріңіз.
- 2 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмаға қойыңыз.

Режеңке төсемені орнату

Қажет болса, iPad/iPad 2 құрылғыларын қоймас бұрын iPad/iPad 2 тегіс жерге орнату үшін жинақта берілген режеңке төсемені салыңыз.



Ескертпе

- Келесі iPod модельдерін зарядтау мүмкін емес: iPod classic, бейнелі дисплейі бар iPod және түсті дисплейі бар iPod.
- Есо күту режимінде зарядтау мүмкін емес.

iPod/iPhone/iPad тыңдау

- 1 iPod/iPhone/iPad құрылғысының дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- 2 iPod/iPhone/iPad көзін таңдау үшін **DOCK** түймесін басыңыз.
- 3 iPod/iPhone/iPad құрылғысында музыка ойнатыңыз.
 - Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.
 - Жолға өту үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
 - Ойнап тұрғанда іздеу үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды қалпына келтіру үшін босатыңыз.
 - Мәзірді шарлау үшін **MENU** түймесін басыңыз, параметрді таңдау үшін ▲ ▼ түймесін, одан кейін құптау үшін **OK** түймесін басыңыз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

Құрылғы қуат көзіне қосылып тұрғанда, қондырылған iPod/iPhone/iPad зарядтала бастайды.

8 Басқа мүмкіндіктер

Оятар таймерін орнату

Бұл құрылғыны оятар етіп пайдалануға болады. Алдын ала орнатылған уақытта ойнату үшін диск/радио/USB/қондырмаға қойылған өнім қосылады.

- 1 Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- 2 Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
 - Сағат көрінгеніне көз жеткізіңіз («Turn on» (Қосу) > «Switch to standby» (Күту режиміне ауысу) бөлімін қараңыз).
- 3 **SLEEP/TIMER** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Ресурс таңдау туралы кеңес шығады.
- 4 Көзді таңдау үшін **CD, FM, USB** немесе **DOCK** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары көрініп, жыпылықтай бастайды.
- 6 Сағатты орнату үшін **⏮ / ⏭** түймесін басыңыз.
- 7 Растау үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
- 8 Минутты орнату үшін **⏮ / ⏭** түймесін басыңыз.
↳ Таймер қойылып іске қосылады.

Оятқыш таймерін ажырату немесе қайта қосу

- 1 Күту режиміне ауысу үшін **⏻** түймесін басыңыз.

- 2 Таймерді іске қосу немесе өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Таймер іске қосылса, дисплейде **⌚** көрінеді.
↳ Таймер өшірілсе, **⌚** дисплейден өшеді.

Ескертпе

- MP3 байланыс режимінде оятқыш таймерін орнату мүмкін емес.
- Егер диск/USB/қондырма көзі таңдалып, аудионы ойнату мүмкін болмаса, тюнер автоматты түрде іске қосылады.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл құрылғы күту режиміне белгіленген уақыт кезеңінен кейін қосыла алады.

- 1 Құрылғы қосылғанда, белгіленген уақыт кезеңін (минут) таңдау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** дисплейге шығады.
- Ұйқы таймерін өшіру үшін**
- 1 **[OFF]** (өшіру) көрінгенше, **SLEEP/TIMER** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Ұйқы таймері өшірілсе, **zZ** дисплейден өшеді.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Сондай-ақ, осы құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғысын тыңдауға да болады.

- 1 MP3 байланыс көзін таңдау үшін **MP3 LINK** түймесін басыңыз.
- 2 Берілген MP3 байланыс кабелін келесіге қосыңыз:
 - құрылғыдағы **MP3 LINK** қосқышы (3,5 мм);
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап қосқышы.

- 3 Құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Құлақаспап

Құлақаспаптар арқылы тыңдау үшін, құлақаспаптарды (жинаққа кірмейді)  қосқышына кіргізіңіз.

9 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Ең жоғары шығыс қуаты	58 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц; ±3 дБ
Шу коэффициентіне сигнал	>65 дБА
МРЗ байланыс көзі	500 мВ, 20 кОм

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
FM сезімталдығы - моно	26 дБ
Гармоникалық мазмұн	<2%
Шу коэффициентіне сигнал	>55 дБ
Алдын ала орнатылғандар саны	20 (FM)

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	8 Ом
Үндеткіш драйвері	2 X 2,5" толық ауқымы
Сезімталдық	>82 дБ/мВт

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	32 Вт
ECO күту режимінде қуат тұтынуы	<1 Вт
USB Direct	2.0/1.1 нұсқасы
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	500 x 217 x 98 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	2,614 кг

- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдар еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM аудио файлдары
- DRM қорғалған WMA файлдары (*.wav, *.m4a, *.m4p, *.mp4, *.aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB жад құрылғысы:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- жад карталары (осы жүйемен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы форматы: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және ауыспалы бит жылдамдығы

Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~256 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

Техникалық қызмет көрсету

Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.



Specifications are subject to change without notice.
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this
document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product.
WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with
which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem
are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

